

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2020 жылдың 21 мамырындағы  
№ 16 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2020 жылдың 03 тамызынан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асырудың **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.  
2020

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 09 маусымындағы № 19 отырыс хаттамасы);
- 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 04 наурызындағы № 9 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 09 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 03 шілдесіндегі № 46 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 4. № 4 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 15 желтоқсанындағы № 70 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 20 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 5. № 5 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 27 шілдесіндегі № 23 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде (бұдан әрі – сауда-клирингтік жүйесі) репо операцияларын<sup>1</sup> жүзеге асыру және орындау тәртібін, осы операциялар бойынша есеп айырысудың негізгі шарттарын, сондай-ақ Биржа орталық контрагент функциясын атқармайтын репо операциялары бойынша міндеттемелерді тиісті орындамағаны үшін репо операцияларына қатысушылардың жауапкершілігін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Бір мезгілде жасалатын, орындау мерзімдері бойынша ерекшеленетін және бір-біріне бағыты бойынша қарама-қарсы бір атаудағы бағалы қағаздармен (репо операциясының заты) екі бірдей тұлға (репо операциясына қатысушылар) тараптары болып табылатын екі мәміленің: репо ашылу мәмілесінің (ашылу мәмілесінің) және репо жабылу мәмілесінің (жабылу мәмілесінің) жиынтығы репо операциясы болып табылады.
2. Жеке тұлғаға қатысты репо операциялары мыналарға бөлінеді:
  - 1) репо операциясының өзі (тікелей репо), яғни осы тұлғаның репо операциясының затын кейіннен кері сатып алу міндеттемесінің шарттарында сатуы;
  - 2) кері репо операциясы, яғни осы тұлғаның репо операциясының затын, оны кейіннен кері сату міндеттемесінің шарттарында, сатып алуы.
3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін репо операциясы деп тікелей репо операциясы да (тікелей репо), сондай-ақ кері репо операциясы да түсініледі.
4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"репо операциясының кінәлі қатысушысы"** – Биржа ол бойынша орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырмайтын, өзі жасаған репо ашылу немесе жабылу мәмілесі бойынша өз міндеттемелерін орындамаған репо операциясының қатысушысы;
  - 2) **"репоның жабылған күні"** немесе **"жабылу күні"** – жабылу мәмілесін жасау үшін репо операциясының қатысушылары немесе сауда-клирингтік жүйесімен белгілеген күн;
  - 3) **"репоның ашылу күні"** немесе **"ашылу күні"** – ашылу мәмілесінің жасалған күні;
  - 4) **"репо операциясының мөлшерлемесі"** – сауда-саттыққа қатысушы өтінімде көрсететін, жабылу мәмілесінің сомасын есептеу үшін пайдаланылатын, репо операциясының жылдық пайызбен есептелетін сандық сипаттамасы;
  - 5) **"репо операциясының жауапты қатысушысы"** – бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы тарапынан репо ашылу немесе жабылу мәмілесін растамаған, Биржа ол бойынша орталық контрагент функциясын жүзеге асырылмайтын, репо операциясының қатысушысы;
  - 6) **"зардап шеккен репо операциясының қатысушысы"** – кінәлі репо операциясының қатысушысының осы мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен жасалған репо ашылу немесе жабылу мәмілесі орындалмаған, Биржа ол бойынша орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырмайтын, репо операциясының қатысушысы;
  - 7) **"Орталық депозитарийдегі шот"** – "бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ – да (бұдан әрі-орталық депозитарий) ашылған репо операциясының заты ретінде пайдаланылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шот.
5. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.

---

<sup>1</sup> Ағылшын тіліндегі "repo" сөзінен – "repurchase agreement" ("кейіннен сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісім") сөз тіркесінің жалпы қабылданған аббревиатурасы.

6. Репо операциялары сауда-клирингiлiк жүйесiнде екi әдiспен жүзеге асырылуы мүмкiн:
  - 1) "тiкелей" әдiспен – тiкелей мәмiлелер жасасу әдiсiмен өткiзiлетiн, сауда-саттықтарда;
  - 2) "автоматты" әдiспен – үздiксiз қарсылама аукцион әдiсiмен өткiзiлетiн, сауда-саттықтарда.
7. Сауда-клирингiлiк жүйеде сауда-саттық тәртiптемесiне қарай Биржа орталық контрагенттiң функцияларын жүзеге асыратын (бұдан әрi – ОК-пен жасалатын операциялар) және орталық контрагенттiң функцияларын жүзеге асырмайтын (бұдан әрi – ОК-сыз жасалатын операциялар) репо операцияларын жүзеге асыруға болады.
8. Қандай да бiр бағалы қағаздар себетiмен "автоматты" әдiспен жүзеге асырылатын репо операциялары сауда-клирингiлiк жүйесiнде жеке (осындай репо операцияларының мәнi болып табылатын бағалы қағаздардан өзге) қаржы құралдары ретiнде пайдаланылады.
9. Репо операцияларын жүзеге асыру кезiнде есеп айырысу валютасы ретiнде, сауда-саттықтың есеп айырысу валютасы үшiн тиiстi тәртiптемесiмен белгiленген, қазақстандық теңге немесе АҚШ доллары пайдаланылады.
10. "Тiкелей" әдiспен жүзеге асырылатын репо операциясының мерзiмiн осы операцияға қатысушылар бiр-бiрiмен келiсе отырып, бұл мерзiм келесi мерзiмдердi аспайтын жағдайда, дербес түрде анықтайды:
  - 1) репо операциялары бойынша қазақстандық теңгемен есеп айырысып, ОК-пен жүзеге асырылған жағдайда, 30 (отыз) күн;
  - 2) репо операциялары бойынша АҚШ долларымен есеп айырысып, ОК-пен жүзеге асырылған жағдайда, жетi күн;
  - 3) 90 (тоқсан) күн, егер нысанасы ретiнде қатысудың клирингiлiк сертификаттары пайдаланылатын ОК-пен репо операциялары және ОК-сыз репо операциялары қазақстандық теңгемен жүзеге асырылатын болса (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2022 жылдың 27 шiлдесiндегi шешiмiмен өзгертiлген*).
11. Автоматты репо нарығында репо операциялары жүзеге асырылуы мүмкiн стандартталған мерзiмдер Биржаның "Автоматты" тәсiлмен жүзеге асырылатын репо операцияларының маманданымы"<sup>2</sup> атты iшкi құжатымен белгiленген (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2021 жылдың 04 наурызындағы, 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы және 2022 жылдың 27 шiлдесiндегi шешiмiмен өзгертiлген*).
12. Сауда-клиринг жүйесiнде жүзеге асырылатын репо операцияларының қатысушылары, осы Ережелерге сәйкес репо операцияларының заты ретiнде пайдалануға рұқсат етiлген, бағалы қағаздардың сауда-саттығына қатысу құқығы бар, Биржа мүшелерi бола алады.
13. Репо операцияларының қатысушылары Биржаға репо операциялары бойынша комиссиялық және клирингiлiк алымдарды "Мүшелiк жарналар, биржалық және клирингiлiк алымдар туралы қағида" атты Биржаның iшкi құжатына сәйкес төлейдi.
14. Репо операциясының қатысушы Орталық депозитарийдiң есепке алу жүйесiнде олар туралы мәлiметтер пайдаланылатын өз клиенттерiнiң жеке басын куәландыратын құжаттардың қолданылу мерзiмдерiн бақылауға мiндеттi.

Репо операциясының қатысушысы клиентiнiң жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылуы аяқталатын күнге дейiн 30 күн алдындағы күндерi репо операциялары бойынша талаптар мен мiндеттемелер туындайтын репо операцияларын жүзеге асыруға тыйым салынады.

Биржа өзiнiң сауда-клирингiлiк жүйесi арқылы орталық депозитарийден алынған мәлiметтер негiзiнде репо операциясына қатысушы клиентiнiң жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзiмi аяқталатын күнге дейiн күнтiзбелiк 30 күн бұрын осы клиенттiң сауда-саттық шоты бойынша мәмiлелер жасасу мүмкiндiгiн бұғаттайды.

---

<sup>2</sup> Биржа Басқармасының шешiмiмен бекiтiледi (*осы сiлтеме Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2022 жылдың 27 шiлдесiндегi шешiмiмен енгiзiлген*).

Репо операциясына қатысушы клиентінің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің аяқталу күні өзгерген жағдайда, Орталық депозитарий осындай ақпаратты Биржаға жібереді, бұл ақпаратты алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап сауда-клиринглік жүйесі, осы тармақтың үшінші абзацына сәйкес, бұғатталған клиенттің сауда-саттық шоты бойынша бұғаттаудың автоматты түрде алып тастайды.

15. Репо операцияларын жүзеге асыру кезінде "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатының "Биржалық сауда-саттыққа қатысушылар" деген 2 тарауында белгіленген, нормалар қолданылады.

Тақырыбы клиринглік қатысу сертификаттары болып табылатын репо операцияларын мүліктік пул туралы келісім-шартқа қосылған Биржа мүшелері ғана жүзеге асыра алады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

## 2 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАТТАРЫ

16. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының нысанасы ретінде пайдаланылуы мүмкін бағалы қағаздарды репо сатушылары "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының ерекшеліктеріне сәйкес анықтайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

17. "Тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының объектілері ретінде:

- 1) ОК-мен Биржаның "Қаржы құралдарын Т+ тізіміне және Т+ қамтамасыз ету тізіміне енгізу тәртібі" атты ішкі құжатымен анықталған Т+ тізіміне кіретін бағалы қағаздар және клиринглік қатысу сертификаттарына жататын бағалы қағаздар пайдаланылуы мүмкін;
- 2) жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздарды қоспағанда (осы Ережелердің 19 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), Биржада айналысқа жіберілгендердің ішінен бағалы қағаздарды ОК-сыз пайдалануға болады және оларды осы операцияларға қатысушылар дербес анықтайды.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 03 шілдесіндегі және 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

- 17-1. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы уақытша тоқтатылған жағдайда осы бағалы қағаздарды осындай уақытша тоқтату кезеңінде репо операцияларының заты ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген тыйым салу белгілі бір атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы уақытша тоқтатылған кезеңде ғана қолданылады және осы атаудағы бағалы қағаздардың сауда-саттығы қайта басталған кезден бастап қолданысын тоқтатады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен енгізілген)*

18. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған)*.

- 18-1. Осы Ережелердің 17-1 және 18-тармақтарда белгіленген репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды алып тастау немесе оларды репо операцияларының заты ретінде пайдалануға тыйым салу осы атаудағы бағалы қағаздармен бұрын ашылған репо операцияларына қолданылмайды және осы репо операцияларына қатысушыларды осы репо операцияларына қатысты жабу мәмілелерін орындаудан босатпайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен енгізілген)*.

19. Бір эмитентпен шығарылған бағалы қағаздардың кез келген атаудағы бағалы қағаздарын Биржа Басқармасының шешімімен (шешімдерімен) ОК-сыз "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының заты ретінде пайдалануға тыйым салынады, егер:
- 1) осы эмитент Биржада айналысқа жіберілген өзінің борыштық бағалы қағаздары бойынша сыйақыны уақтылы төлемеген; және/немесе
  - 2) осы эмитент Биржада айналысқа жіберілген өзінің борыштық бағалы қағаздарының номиналды құнын олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін уақтылы төлемеген; және/немесе
  - 3) осы эмитент Биржада айналысқа жіберілген өзінің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді уақтылы төлемеген; және/немесе
  - 4) осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы листингiлiк келісім-шартта белгіленген мерзімнен кейін үш ай ішінде Биржаға осы эмитенттің қаржылық есеп берушілігін (оның ішінде аралық) ұсынбаған; және/немесе
  - 5) осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы Листингiлiк ережелерде белгіленген мерзімнен кейін 10 күн ішінде Биржаға осы эмитент және/немесе ол шығарған бағалы қағаздар туралы елеулі ақпаратты (осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың бағасы мен бағасына әсер етуі мүмкін ақпарат) бермеген.
20. Осы Ережелердің 19 тармағына сәйкес белгіленген тыйым, Биржа Басқармасының шешімімен бағалы қағаздардың эмитенті немесе рұқсаттама бастамашысы осындай тыйым салудың белгіленуіне себеп болған ереже бұзушылықты жойған кезде (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) күшін жояды.
- Егер бағалы қағаздарды "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының заты ретінде пайдалануға тыйым салу борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақының уақтылы төленбеуіне байланысты белгіленген болса, мұндай тыйым салу осы бағалы қағаздар бойынша кезектілік бойынша келесі сыйақының уақтылы төленуінен кейін ғана жойылуы мүмкін.
21. Сауда-клирингiлiк жүйесі, егер оған қатысты ашылу және жабылу мәмілелерін жасасудың белгіленген сәтінде осы операцияның болжамды мерзімі ішінде осы операцияның заты ретінде пайдалану болжанатын бағалы қағаздарды толық немесе жартылай өтеу жүргізілетіні белгілі болса, репо операцияларын кез келген әдісімен жүзеге асыру мүмкіндігін бұғаттайды.

### **3 тарау. РЕПО АШЫЛУ ЖӘНЕ РЕПО ЖАБЫЛУ МӘМІЛЕЛЕРІН ЖАСАСУ**

22. ОК-сыз жасалатын "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциялары және ОК-пен репо операциялары бойынша ашылу бағасы ретінде репо операциясының ашылу күніне белгіленген және "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" (бұдан әрі – Әдістеме) атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталатын репо операцияларының заты болып табылатын бағалы қағаздардың есеп айырысу бағалары пайдаланылады.
23. ОК-сыз жасалатын "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциялары бойынша ашылу бағасы ретінде, Әдістемеге сәйкес анықталатын және "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын, репо операцияларының негізгі сипаттамаларын анықтайтын Биржаның ішкі құжатына сәйкес дисконтталатын репо операцияларының заты болып табылатын бағалы қағаздардың есеп айырысу бағалары пайдаланылады.
24. Ашылу мәмілелерін жасасуға арналған өтінімдердің заты сауда-клирингiлiк жүйесінде анықталған; бұл ретте репо операциясын жүзеге асыру кезінде ашылу мәмілесін жасасуға арналған өтінімді жіберу – "сатып алу" немесе "сату" – ашылу мәмілесін жасау кезінде репо операциясының нысанасын тиісінше сатып алуды немесе сатуды білдіреді.
25. Репо операциясын "тікелей" әдіспен жүзеге асыру кезінде:

- 1) репо затының саны, репо мерзімі (репо жабылу және ашылу күндері арасындағы күнтізбелік күндер саны ретінде анықталатын), дисконт шамасы мен мөлшерлемені осы операцияға қатысушылар осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, бір-бірімен келісу бойынша дербес анықтайды (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*);
  - 2) ашылу және жабылу бағаларын есептеу сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде жүргізіледі;
  - 3) дисконтты белгілеу, егер осындай операцияның мәні қатысудың клирингілік сертификаттары болып табылған жағдайда қолданылмайды (*осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 27 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*).
26. Repo операцияларын "автоматты" әдіспен жүзеге асыру кезінде:
- 1) саудаланатын қаржы құралының бағасы ретінде репо операциясының мөлшерлемесі пайдаланылады;
  - 2) жабылу күні сауда-клирингілік жүйесімен, осы операция жүзеге асырылатын, репо операциясының мерзіміне (репо жабылу және ашылу күндері арасындағы күнтізбелік күндер саны ретінде анықталатын стандартталған мерзімдердің санына) қарай автоматты түрде анықталады;
  - 3) ашылу мәмілесінің сомасын, жабылу бағасын және жабылу мәмілесінің сомасын есептеуді сауда-клирингілік жүйесі репо операциясының затына, репо операциясы затының санына, ашылу бағасы мен репо операциясының мерзіміне қарай автоматты түрде жүргізеді;
  - 4) репо жабылу мәмілесін сауда-клирингілік жүйесі осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген оның параметрлеріне сүйене отырып, автоматты түрде қалыптастырады және репо ашылу мәмілесімен бір мезгілде жасалады.
27. Жеке қаржы құралымен репо операциясының параметрлерін есептеу үшін келесі формулалар қолданылады:
- 1) ОК-пен жасалатын "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясының ашылу бағасы сауда-клирингілік жүйесімен бағалы қағаздың есеп айырысу бағасын негізге ала отырып, автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:
 
$$P_{oa} = P_{tk}, \text{ мұнда}$$

$P_{oa}$  – ОК-пен жасалатын "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын, репо операциясының ашылу бағасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

$P_{tk}$  – репо операциясының заты болып табылатын және Әдістемеге сәйкес репо операциясының ашылу күніне анықталатын, бағалы қағаздың есеп айырысу бағасы;
  - 2) ОК-пен/ОК-сыз жасалатын "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясының ашылу бағасын сауда-клирингілік жүйе репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың есеп айырысу бағасын және сауда-саттыққа қатысушылар белгілеген дисконтты негізге ала отырып, автоматты түрде есептейді және келесі формула бойынша анықталады:
 
$$P_{od} = P_{tk} \times (1 - \text{Disc}), \text{ мұнда}$$

$P_{od}$  – "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының ашылу бағасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

Disc – репо операциясына қатысушылар көрсеткен, дисконт мөлшері;
  - 3) ОК-пен жасалатын "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясы затының саны сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$K = \left\lceil \frac{S}{P_{oa}} \right\rceil, \text{ мұнда}$$

K – репо операциясы затының саны (лотпен);

S – репо операциясына қатысушылар оны жасасу кезінде көрсеткен, репо ашылу мәмілесінің жоспарланатын сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

$\lceil \rceil$  – алынған нәтижені ең жақын бүтін мәнге дейін дөңгелектеу;

- 4) ОК-пен/ОК-сыз жасалатын "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясы затының саны сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$K = \left\lceil \frac{S}{P_{od}} \right\rceil, \text{ мұнда}$$

$\lceil \rceil$  – алынған нәтижені ең жақын бүтін мәнге дейін дөңгелектеу;

- 5) ОК-пен жасалатын "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо ашу мәмілесінің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде репо операциясының мәмілесі жасалған валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен есептеліп, келесі формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына қарай түзетіледі:

$$S_o = P_{oa} \times K, \text{ мұнда}$$

$S_o$  – репо ашылу мәмілесінің сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

- 6) ОК-пен/ОК-сыз жасалатын "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо ашылу мәмілесінің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде репо операциялары мәмілесі жасалған валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен есептеліп, келесі формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына қарай түзетіледі:

$$S_o = P_{od} \times K;$$

- 7) "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо жабылу мәмілесінің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен келесі формула бойынша есептеледі:

$$S_c = S_o \times \left( 1 + \frac{r \times n}{100 \times T} \right), \text{ мұнда}$$

$S_c$  – репоны жабылу мәмілесінің сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

r – репо операциясы бойынша, пайызбен көрсетілген, мөлшерлемесі;

n – репо операциясының, күнтізбелік күнне көрсетілген, мерзімі;

T – күнтізбелік жылдағы күндердің нақты саны (365 немесе 366);

- 8) жабылу мәмілесінің сомасы оны мерзімінен бұрын орындаған кезде, сондай-ақ қатысушылар жабылу күнін өзгерткен кезде сауда-клирингілік жүйесі келесі формула бойынша қайта есептейді:

$$S_{cn} = S_o + I, \text{ мұнда}$$

$S_{cn}$  – репо мәмілесінің мерзімнен бұрын орындау күніндегі сомасы;

I – мерзімнен бұрын орындау күніндегі репо мәмілесі бойынша кіріс.

28. Қандай да бір бағалы қағаздар себетімен "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының параметрлерін есептеу үшін мынадай формулалар қолданылады:

- 1) ОК-пен жасалатын репо операциясының ашылу бағасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың есептік бағасын негізге ала отырып есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:



$$P_{ok} = P_{tk}, \text{ где}$$

- $P_{ok}$  – ОК-пен репо операциясының ашылу бағасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);
- $P_{tk}$  – репо операциясының ашылу күніне репо операциясының заты болып табылатын және Өдістемеге сәйкес анықталған, бағалы қағаздың есеп айырысу бағасы;
- 2) ОК-сыз жасалатын репо операциясының ашылу бағасын сауда-клирингілік жүйесі репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздың және осы бағалы қағаз үшін белгіленген дисконттың негізге ала отырып, есеп айырысу бағасын автоматты түрде есептейді және келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{og} = P_{tk} \times (1 - \text{Disc}), \text{ мұнда}$$

- $P_{og}$  – ОК-сыз репо операциясының ашылу бағасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);
- Disc – "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының негізгі сипаттамаларын анықтайтын Биржаның ішкі құжатына сәйкес анықталған, дисконт мөлшері;
- 3) ОК-пен жасалатын репо операциясының затының саны сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$K = \left[ \frac{L}{P_{ok}} \right] \times Q, \text{ мұнда}$$

- $K$  – репо операциясы затының саны (лотпен);
- $L$  – лотың мөлшері;
- $Q$  – өтінімдегі лоттар саны;
- $[ ]$  – алынған нәтижені ең жақын бүтін мәнге дейін дөңгелектеу;
- 4) ОК-сыз репо операциясы затының саны сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$K = \left[ \frac{L}{P_{og}} \right] \times Q$$

- 5) ОК-пен жасалатын репо операциясының затын сатып алу кезіндегі өтінімнің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma_k = (N \times L) + (P_{max} \times N), \text{ мұнда}$$

- $\Sigma_k$  – ОК-пен репо операциясының затын сатып алу кезіндегі өтінімнің сомасы;
- $N$  – өтінімдердегі лоттардың саны;
- $P_{max}$  – өтінім сомасы есептелетін бағалы қағаздар қоржынындағы максималды құны бар бағалы қағаздың есеп айырысу бағасы;
- 6) ОК-сыз жасалатын репо операциясының затын сатып алу кезіндегі өтінімнің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде келесі формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma_g = (N \times L) + ((P_{max} \times (1 - \text{Disc})) \times N)$$

- 7) репо операциясының затын сату кезіндегі өтінімнің сомасы және ОК-пен жасалатын репо ашылу мәмілесінің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен автоматты түрде есептеледі және келесі формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына қарай түзетіледі:

$$S_{ok} = P_{ok} \times K, \text{ мұнда}$$

- $S_{ok}$  – ОК-пен репо операциясының затын сату кезіндегі өтінімнің/ОК-пен жасалатын репо ашылу мәмілесінің сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

- 8) репо операциясының затын сату кезіндегі өтінімнің сомасы және ЦК-сыз жасалатын репо ашылу мәмілесінің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен автоматты түрде есептеледі және келесі формула бойынша лоттардағы бағалы қағаздардың есептелген санына қарай түзетіледі:

$$S_{og} = P_{og} \times K, \text{ мұнда}$$

$S_{og}$  – ЦК-сыз жасалатын репо операциясының затын сату кезіндегі өтінімнің/ ЦК-сыз жасалатын репо ашылу мәмілесінің сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

- 9) жабылу мәмілесінің сомасы сауда-клирингілік жүйесімен автоматты түрде валютаның жүздік үлесіне дейінгі дәлдікпен келесі формула бойынша есептеледі:

$$S_c = S_o \times \left(1 + \frac{r \times n}{100 \times T}\right), \text{ мұнда}$$

$S_c$  – жабылу мәмілесінің сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

$S_o$  – репо операциясының ашылу мәмілесінің сомасы (есеп айырысуды жүзеге асыру валютасында);

$r$  – репо операциясының мөлшерлемесі;

$n$  – репо операциясының, күнтізбелік күнмен көрсетілген, мерзімі;

$T$  – жылдағы күндердің саны (365 немесе 366).

29. Ашылу және жабылу мәмілелері жасалған, репо операциялары, есеп айырысуға аударымдар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жасалған ашылу және жабылу мәмілелері туралы мәліметтерді қамтитын биржалық куәліктермен ресімделеді.

Биржалық куәлік сауда-клирингілік жүйесінде бір репо операциясына жататын ашылу және жабылу мәмілелерін жасау фактісін, сондай-ақ Биржаның осы мәмілелерді тіркеу және есепке алу фактісін куәландыратын, құжат болып табылады.

Биржалық куәлік екі данада ресімделеді, оның біреуі репо операциясының қатысушысының трейдеріне беріледі, ал екінші данасы осы операцияға қатысты ашылу және жабылу мәмілелерінің орындалуын бақылау мақсатында Биржада қалады.

#### 4 тарау. РЕПО АШЫЛУ ЖӘНЕ ЖАБЫЛУ МӘМІЛЕЛЕРІН ОРЫНДАУ

30. ОК-пен жасалатын репо операциясының ашылу және жабылу мәмілелері бойынша, неттинг тәсілін пайдалануды қарастыратын, клирингілік процедуралары қолданылады, олар "Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатында белгіленген. ОК-пен жасалатын репо операциясының ашылу мәмілесінен туындайтын талаптар мен міндеттемелер тиісінше осы ашылу мәмілесі жасалған күнгі нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер бойынша есеп айырысуларға, ал ОК-пен жасалған репо операциясының жабылу мәмілесінен туындайтын талаптар мен міндеттемелер жабылу мәмілесі орындалған күнгі нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер бойынша есеп айырысуларға жатқызылады.
31. Орталық депозитарий ОК-сыз жасалатын репо операциялары бойынша есеп айырысуларды (репо операцияларының заты болып табылатын ақшамен және бағалы қағаздармен репо ашылу және жабылу мәмілелерін орындауды) Биржа берген бұйрықтар негізінде және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға қойылатын негізгі талаптарды белгілейтін Биржаның ішкі құжатында анықталған шарттарда жүзеге асырады.
32. Репо операциясының ашылу мәмілесін орындау ашылған күні жүзеге асырылады және репо сатып алушыдан репо сатушысының пайдасына ашылу мәмілесінің нақты сомасында ақша аударуды және репо сатушыдан репо сатып алушыға репо операциясының затын беруді білдіреді.

Репо жабылу мәмілесiн орындау жабылу күнiнде жүзеге асырылады және репо операциясының затын репо сатып алушыдан репо сатушыға қайтаруды және репо сатушыдан репо сатып алушыға жабылу мәмілесiнiң сомасында ақша аударуды бiлдiредi.

33. Кез келген әдiспен жүзеге асырылатын ОК-пен жасалатын репо операциясына немесе "тiкелей әдiспен" жүзеге асырылатын ОК-пен репо операциясына қатысты ашылу мәмілесiн орындау кезiнде репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаз бойынша мiндеттеме ретiнде ескерiледi және Орталық депозитарийдегi репо сатушының KASE бөлiмiнiң жеке шоты бойынша есептен шығарылады, бағалы қағаз бойынша талап ретiнде есепке алынады және Орталық депозитарийдегi репо сатып алушының KASE бөлiмiнiң жеке шоты бойынша есепке алынады. Бұл ретте осы операциялардың заты болып табылатын бағалы қағаздар мерзiм iшiнде репо сатып алушы тарапынан азаматтық-құқықтық мәмілелердiң объектiлерi болуы мүмкiн.

ОК-пен жасалатын "автоматты" әдiспен жүзеге асырылатын репо операциясына жататын ашылу мәмілесiн орындау кезiнде репо операциясының заты репо сатушының Орталық депозитарийдегi шотынан есептен шығарылады, репо сатып алушының Орталық депозитарийдегi шотына есепке алынады және онда бұғатталады. Бұл ретте осы операцияның заты болып табылатын бағалы қағаздар репо сатып алушы тарапынан оның мерзiмi iшiнде азаматтық-құқықтық мәмілелердiң объектiлерi бола алмайды.

34. ОК-сыз жасалатын "автоматты" әдiспен жүзеге асырылған репо операциясының мерзiмi iшiнде осы бағалы қағаздар бойынша төлемдердi (дивидендтер немесе купондық сыйақы – бұдан әрi Ережелердiң мәтiнi бойынша бағалы қағаздар бойынша төлемдер деп аталады) есептеу және жүзеге асыру мақсатында осы операцияның заты болып табылатын бағалы қағаздардың тiзiлiмiн тiркеу жүргiзiлген жағдайда, Орталық депозитарий репо сатушысының пайдасына жүзеге асырады.

ОК-пен жасалатын мәмілелердiң объектiсi болып табылатын, оның iшiнде ОК-пен жасалатын репо операцияларының заты болып табылатын бағалы қағаздар бойынша есептеулер мен төлемдердi бағалы қағаздарды ұстаушыға, оның iшiнде KASE бөлiмiндегi Орталық депозитарийдiң жеке шотында тиянақталған күнi оның меншiгiнде осындай бағалы қағаздар болған, төлем агентi жүзеге асырады.

Бұл ретте Биржа mark-to-market клирингiлiк сессиясын өткiзу кезеңiнде төлем агентiнен төлемдер жасалғаны туралы хабарлама алғаннан кейiн келесi жұмыс күнi репо сатып алушыдан репо операциясының заты болып табылатын бағалы қағаздар бойынша төлемдi репо сатушысының пайдасына талап қою<sup>3</sup> арқылы репо сатушысының пайдасына берудi жүзеге асырады және репо сатып алушыға мiндеттемелер<sup>4</sup> қойылған талаптар мен төлемдердi беру жөнiндегi мiндеттемелер есеп айырысудың ағымдағы күнiндегi нетто-талаптарда/нетто-мiндеттемелерде ескерiледi және бiрiншi есептесу-клирингiлiк сессиясында орындалуы тиiс.

Сатып алушының репо төлемдерi бойынша мiндеттемелердi орындауын қамтамасыз ету мақсатында, репо операциясы жасалған сәттен бастап mark-to-market клирингiлiк сессиясының қорытындылары бойынша есеп айырысудың ағымдағы күнiнде төлемдi қайтару бойынша мiндеттемелер туындағанға дейiн оның бiрыңғай шектелiмi күтiлетiн төлем сомасына қысқартылады.

35. Эмиссияның аңдатпасының шарттарына сәйкес бағалы қағаздар бойынша төлемдi жүзеге асырудың мүмкiн еместiгi туралы эмитенттен ресми ақпарат алынған жағдайда немесе эмитент бағалы қағаздар бойынша төлемдi эмитенттiң бағалы қағаздар бойынша төлеу жөнiндегi мiндеттемелерi туындайтын соңғы күннен бастап бiр ай iшiнде жүзеге асырмаған жағдайда, Биржа бағалы қағаздар бойынша төлемдердi беру жөнiндегi осындай талаптарды орындау бойынша мiндеттемелерi бар репо сатып алушыға талап ету құқығын эмитент/төлем агентi болашақта жүзеге асырған жағдайда, Биржаның бағалы қағаздар бойынша төлемдердi талап ету құқығын басқаға беруi туралы тиiстi құжаттарды беру (рәсiмдеу) арқылы репо сатушыға берудi жүзеге асырады. Бағалы қағаздар бойынша

<sup>3</sup> Талап қою деп мiндеттеменi орындауды талап ету құқығының туындауы түсiнiледi ([осы сiлтеменiң нәмiрленуi Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2022 жылдың 27 шiлдесiндегi шешiмiмен өзгертiлген](#)).

<sup>4</sup> Мiндеттеме беру деп талапты (мiндеттеменi) орындау мiндетiнiң туындауы түсiнiледi ([осы сiлтеменiң нәмiрленуi Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2022 жылдың 27 шiлдесiндегi шешiмiмен өзгертiлген](#)).

төлемдi талап ету құқығын басқаға беру күнi Биржа репо сатып алушыға осындай төлем сомасына бiрыңғай шектелiмдi ұлғайтады.

Бағалы қағаздар бойынша төлемдi эмитенттiң/төлем агентiнiң орындамауы себебiнен бағалы қағаздар бойынша төлемдердi беру жөнiндегi мiндеттемелердi орындамауына байланысты Биржа репо сатушысының алдында жауапты болмайды.

36. Жабылу күнi жұмыс iстемейтiн (демалыс немесе мереке) күнге сәйкес келсе, жабылу мәмiлесiн орындау осы күннен кейiнгi бiрiншi жұмыс күнi (репо операциясының максималды мерзiмiн ескере отырып) жүргiзiледi. Репо операциясының максималды мерзiмiнен асқан жағдайда, жабылу мәмiлесiн орындау жұмыс iстемейтiн (демалыс немесе мереке күндерi) күнге дейiн бiр күн бұрын жүргiзiледi. Бұл ретте сауда-клирингiлiк жүйесi осы операция мерзiмiнiң нақты ұзақтығына сүйене отырып, репо жабылу мәмiлесiнiң сомасын қайта есептеудi автоматты түрде жүзеге асырады.

37. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесiнiң пайдаланушысы клиентiнiң мүддесi үшiн ОК-пен жасалатын репо операцияларын есеп айырысуға және орындауға аударымдарды жүзеге асыру тәртiбi, есеп айырысулар нетто-негiзде жүзеге асырылатын қор нарығында мәмiлелер жасасу тәртiбiн анықтайтын, Биржаның iшкi құжатында белгiленген.

38. ОК-сыз жасалатын репо операциясына жататын репо ашылу мәмiлесiн орындау кезiнде бақылау және қамтамасыз ету жүйесi арқылы бақыланатын сауда-клирингiлiк шоттар пайдаланылса, осы мәмiленi орындау бақылау және қамтамасыз ету жүйесi арқылы оның расталғаны туралы хабарлама алынғаннан кейiн ғана жүргiзiледi.

Бақылау және қамтамасыз ету жүйесiнiң пайдаланушысы репо ашылу мәмiлесiн растау туралы хабарламаны, қаржы құралдарымен сауда-саттық жүргiзу тәртiбiнiң негiзгi параметрлерiн анықтайтын Биржаның iшкi құжатында белгiленген, уақыттан кешiктiрмей сауда-клирингiлiк жүйесiне жiберуге тиiс. Бұл ретте аталған хабарламаны белгiленген мерзiмде беру немесе беруден бас тарту тиiсiнше бақылау және қамтамасыз ету жүйесiнiң пайдаланушысының растауы немесе оның репо ашылу мәмiлесiн растаудан бас тартуы болып табылады.

Осы репо жабылу мәмiлесiн орындау кезiнде, бақылау және қамтамасыз ету жүйесi арқылы бақыланатын сауда-саттық шоттары пайдаланылса, ОК-сыз жасалатын репо операциясына жататын жабылу мәмiлесiн орындау бақылау және қамтамасыз ету жүйесiнiң пайдаланушысының растауын талап етпейдi.

39. ОК-сыз жасалтын репо операцияларына жататын репо жабылу мәмiлелерiнiң орындалуын қамтамасыз ету мақсатында репо мәмiлесi жабылған күнге келетiн күнi осы мәмiле орындалуы тиiс сауда-саттық сессиясы аяқталғанға дейiн репо операциясына қатысушылар осы күнге келетiн жабылу күнiмен орындауға есептердi сауда-клирингiлiк жүйесiне жiберуге мiндеттi.

40. Репо операциясына қатысушылардың бiрi осы Ережелердiң 39 тармағының талаптарын ОК-сыз орындамаған жағдайда, репо жабылу мәмiлесi орындалмаған деп танылады және мұндай мәмiлеге осы Ережелердiң 51 және 52 тармақтарында белгiленген ережелер қолданылады.

41. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесiнiң пайдаланушысы ОК-сыз жасалатын репо операциясына қатысты репо ашылу мәмiлесiн осы Ережелердiң 38 тармағының бiрiншi абзацына сәйкес растамаған жағдайда, мұндай мәмiле репо операциясына жауапты қатысушының меншiктi қаражаты есебiнен осы Ережелердiң 42 тармағында белгiленген тәртiппен, ашылу мәмiлесi жасалған күнi орындалады.

41-1. ОК-сыз репо ашу/жабу мәмiлесi бойынша мiндеттемелер орындалмаған жағдайда, кiнәлi тарап өз қалауы бойынша ол бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асыруға құқылы.

ОК-сыз ашу/жабу репо операциясының орындалмаған мәмiлесi бойынша қайта есеп айырысу Биржаның сауда-клирингiлiк жүйесiне жiберiлген кiнәлi тараптың шешiмi бойынша жүзеге асырылады:

1) мұндай орындалмаған кезден бастап бiр сағат iшiнде, бiрақ ОК-сыз репо операциялары бойынша сауда-саттық жүргiзу уақытының шегiнде және зардап шеккен тараптан келiсiм алмай, олар аяқталғанға дейiн 10 минуттан кешiктiрмей;

- 2) Биржа сауда-клирингiлiк жүйесi бойынша зардап шеккен тараптан осындай қайта есеп айырысуды жүргізуге оның келiсiмi туралы хабарлама алған жағдайда Биржаның операциялық күнi шегiнде.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешiмiмен енгiзiлген)*

42. Репо операциясына жауапты қатысушының репо операциясын осы Ережелердiң 41 тармағына сәйкес меншiктi қаражаты есебiнен орындауы осындай ашылу мәмiлесi жасалған күнi репо операциялары бойынша сауда-саттық жүргiзу уақыты аяқталғанға дейiн мынадай тәрiппен жүзеге асырылады:
  - 1) репо операциясының жауапты қатысушысы бақылау және қамтамасыз ету жүйесiнiң пайдаланушысы өз қаражаты есебiнен бұрын растамаған репо операциясын қайта жүзеге асыруға келiсiм беру туралы еркiн түрде жазылған хатты Биржаға ұсынады;
  - 2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес хат алғаннан кейiн Биржа осы операцияның зардап шеккен қатысушысымен келiссөздер жүргiзедi және ол репо операциясын қайта жүзеге асыруға келiскен жағдайда, зардап шеккен сауда-саттыққа қатысушы Биржаға сауда-саттыққа жауапты қатысушыға зардап шеккен тараптың кiм болып табылатыны туралы құпия ақпаратты ашуға келiсiмi туралы еркiн түрде жазылған хатты жiбередi;
  - 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген хаттарды алғаннан кейiн Биржа репо операциясының жауапты қатысушысына зардап шеккен тараптың кiм екендiгi туралы ақпаратты хабарлайды;
  - 4) репо операциясының жауапты қатысушысы сауда-клирингiлiк жүйесiне зардап шеккен тарапқа репо операциясын жүзеге асыруға тiкелей өтiнiм бередi, оны орындау репо операциясының осындай жауапты қатысушысының өз қаражаты есебiнен жүзеге асырылатын болады.
43. Репо операциясына қатысушы талаптарды орындамаған жағдайда:
  - 1) осы Ережелердiң 42 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, репо ашылу мәмiлесi орындалмаған деп танылады және мұндай мәмiлеге, осы Ережелердiң 50 тармағында белгiленген, ережелер қолданылады;
  - 2) осы Ережелердiң 42 тармағы 2) тармақшасына сәйкес, репо ашылу мәмiлесi орындалмаған деп танылады және мұндай мәмiлеге, осы Ережелердiң 53 тармағында белгiленген, ережелер қолданылады.

## **5 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАБЫЛУ КҮНІН ӨЗГЕРТУ**

44. Репо жабылу күнiн, мына ерекшелiктердi ескерумен, өзгертуге жол берiледi:
  - 1) кез келген қолжетiмдi әдiспен жүзеге асырылатын репо операциясының мерзiмiн ұзартуға тыйым салынады;
  - 2) "автоматты" әдiспен жүзеге асырылатын репо операциясының мерзiмiн өзгертуге тыйым салынады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2020 жылдың 09 маусымындағы шешiмiмен өзгертiлген)*

45. "Тiкелей" тәсiлмен жүзеге асырылатын репо-ны жабу күнiн өзгерту үшiн репо операциясына қатысушылар сауда-клирингiлiк жүйесiне жабылу мәмiлесiн мерзiмiнен бұрын орындау туралы талапты жiбередi, бұл ретте репо операциясының жабылу күнi осы операцияға қатысушылардың екеуi де осындай өзгерiстердi растаған жағдайда ғана өзгертiлген болып есептеледi. Репо операциясының жабылу күнi өзгерген кезде репо жабылу мәмiлесi бойынша мiндеттемелердi орындау оны орындаудың бастапқы күнiнен ағымдағы күнге ауыстырылады.

Репо операциясының жабылу күнін өзгерту жөніндегі әрекеттер репо операциясының ашылу және жабылу мәмілелерін орындауға тура келетін күндерді қоспағанда, кез келген сауда-саттық күнінде орындалуы мүмкін.

Репо операциясына қатысушының жаңа орындау күнімен репо операциясының жабылу мәмілесін мерзімінен бұрын орындау туралы талапты жіберуі репо операциясына қатысушылардың жаңа күнде жабылу мәмілесін орындауы үшін негіз болып табылады.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен өзгертілген)*

46. ОҚ-пен жасалатын репо операциясына жататын репо жабылу мәмілесін мерзімінен бұрын орындауды жүзеге асыру кезінде сауда-клиринглік жүйесі осындай жабылу мәмілелерін бірыңғай шектелімнің мәні негізінде қамтамасыз етудің жеткіліктілігін және қамтамасыз етілмеген сатып алуға тыйым салудың және/немесе қысқа сатуға тыйым салудың сақталуын тексереді.
47. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 09 маусымындағы шешімімен алып тасталған).*
48. "Тікелей" немесе "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының затын басқасына ауыстыруға тыйым салынады.
49. Биржа Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес оған мәліметтерді (осы Ережелердің 45 тармағына сәйкес параметрлері өзгертілген репо жабылу мәмілесі туралы бұйрық, хабарлама) осы мәміленің нақты орындалған күнінде береді.

#### **6 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ДАУЛАР МЕН ШИЕЛЕНІСУЛЕР**

50. Репо операциясына қатысушылардың қандай да бірі (бұдан әрі осы тармақта – кінәлі қатысушы) репо ашылу мәмілесі бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда:
  - 1) бұл репо операциясының ашылу мәмілесі орындалмаған деп танылады;
  - 2) осы операцияға қатысты жабу мәмілесі автоматты түрде жойылады және сауда-клиринг жүйесінен шығарылады;
  - 3) кінәлі қатысушы осы операцияның басқа қатысушысының пайдасына репо ашудың орындалмаған мәмілесінің нақты сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті (зардап шеккен қатысушыда осы тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап болған кезде);
  - 4) кінәлі қатысушы осы операцияның басқа қатысушысының пайдасына репо операциясының ашылу мәмілесінің орындалмаған нақты сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті (зардап шеккен қатысушыда осы тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап болған кезде);
51. Репо жабылған күні репо операциясына қатысушылардың қандай да бірі (бұдан әрі осы тармақта – кінәлі қатысушы) ОҚ-пен жасалған "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясын жабу мәмілесі бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда:
  - 1) жабылу мәмілесі орындалмаған деп танылады;
  - 2) кінәлі қатысушы Биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның ішінде зардап шеккен қатысушы үшін де) төлеуге міндетті;
  - 3) Биржа жабылу мәмілесі орындалмағаннан кейін екі жұмыс күннен кешіктірмей жабылу мәмілесіне қатысушыларды оның орындалмағаны туралы жазбаша хабардар етеді.

Бұл ретте зардап шеккен қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кінәлі қатысушыдан аталған тұрақсыздық айыбынан толық сомада залалдарды өндіріп алуды талап ету құқығына иеленеді.

52. ОК-сыз жасалған "автоматты" әдiспен жүзеге асырылған репо операциясының жабылу мәмiлесi бойынша мiндеттемелердi репо операциясына қатысушылардың қандай да бiрi (бұдан әрi осы тармақта – кiнәлi қатысушы) жабылған күнi орындамаған жағдайда:
- 1) бұл репо операциясының жабылу мәмiлесi орындалмаған деп танылады;
  - 2) репо операциясының затынан бұғаттау алынып тасталады және ол репо сатып алушы тарапынан азаматтық-құқықтық мәмiлелердiң объектiсi болуы мүмкiн;
  - 3) кiнәлi қатысушы биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның iшiнде оның басқа қатысушысы үшiн де) төлеуге мiндеттi);
  - 4) осы операцияға басқа қатысушының оған қандай да бiр шығындарды өтеудi және тұрақсыздық айыбын төлеудi талап етуге құқығы жоқ;
  - 5) Биржа Орталық депозитарийден жиынтық ведомостың орындалуы туралы есептi алғаннан кейiн екi жұмыс күнiнен кешiктiрмей репо операциясына қатысушыларды репо операциясының нысанасынан бұғаттаудың алынғаны туралы жазбаша хабардар етедi.
53. Репо операциясына қатысушылардың қандай да бiрi (бұдан әрi осы тармақта – зардап шеккен қатысушы) репо операциясын қайта жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда:
- 1) осы операцияға қатысты ашылу мәмiлесi орындалмаған деп танылады;
  - 2) осы операцияға қатысты жабылу мәмiлесi автоматты түрде жойылады және сауда-клирингiлiк жүйесiнен шығарылады;
  - 3) зардап шеккен қатысушы қандай да бiр шығындар мен тұрақсыздық айыбын төлеудi талап етуге құқығы жоқ;
  - 4) кiнәлi қатысушы Биржаға осы операция бойынша есептелген комиссиялық алымның толық сомасын (оның iшiнде репо сатып алушы үшiн де) төлеуге мiндеттi.
54. Репо операциясына қатысушы күнтiзбелiк 30 күн iшiнде ашылу мәмiлелерi бойынша репо операцияларын қайта жүзеге асырудың екi жағдайынан артық жол берсе, сауда-саттықтың кiнәлi қатысушысына ОК-сыз жасалған репо операциясын қайта жүзеге асырған жағдайда айлық есептiк көрсеткiштiң 10 еселенген мөлшерiнде айыппұл салынады.
- 54-1. Осы Ережелердiң 41-1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес ОК-сыз репо ашу/жабу мәмiлесi бойынша қайта есеп айырысулар жүзеге асырылған жағдайда, Биржа сауда-саттықтың кiнәлi қатысушысына мынадай ықпалшараларды қолданады:
- 1) сауда-саттыққа қатысушы бiр сауда-саттық күнi iшiнде ОК-сыз репо ашу/жабу мәмiлесi бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асырудың бiр жағдайына жол берсе – ескерту;
  - 2) сауда-саттыққа қатысушы ОК-сыз репо ашу/жабу мәмiлесi бойынша бiр сауда-саттық күнi iшiнде қайта есеп айырысуды жүзеге асырудың екi және одан да көп жағдайларына жол берсе – айлық есептiк көрсеткiштiң 10 еселенген мөлшерi көлемiнде айыппұл.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесiнiң 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешiмiмен енгiзiлген)*

55. Есеп айырысу күнi ОК-сыз жасалған репо операциясының зардап шеккен қатысушысы репо операциясы бойынша есеп айырысуды қайта жүзеге асырудан бас тартса немесе сауда-клирингiлiк жүйесiне репо операциясы бойынша қайта есеп айырысуды жүзеге асыруға келiсiм беру туралы хабарлама жiбермесе, оның кiнәлi тараптан қандай да бiр айыппұл төлеудi талап етуге құқығы жоқ.
56. Тараптардың ОК-пен жасалған репо операцияларынан туындайтын өз мiндеттемелерiн орындамау жағдайларын реттеу, "Қаржы құралдарымен жасалған мәмiлелер бойынша клирингiлiк қызметтi жүзеге асыру ережелер" атты Биржаның iшкi құжатына сәйкес, дефолттарды реттеу процедураларына сәйкес жүзеге асырылады.
57. Биржа Басқармасы ОК-сыз жасалған репо операциясына жататын жабылу мәмiлесiн орындау жөнiндегi өз мiндеттемелерiн орындамаған (толық немесе уақтылы орындамаған)

қатысушыны барлық санаттар бойынша Биржа мүшелерiнiң қатарынан алып тастауға құқылы.

58. Репо операциясына қатысушы осы Ережелердiң 14 тармағының бiрiншi абзацында белгiленген мiндеттердi бұзу салдары үшiн Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның iшкi құжаттарына сәйкес толық жауапты болады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.